

Шыңғырлау ауданы бойынша 2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 144 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шіледе № 14010 болып тіркелді) сәйкес, Шыңғырлау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Шыңғырлау ауданы бойынша 2022 жылға арналған тізімдік саны бар ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде белгіленсін.

2. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 57 "Шыңғырлау ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6203 тіркелген, 2020 жылы 28 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 қарашадағы № 158 "Шыңғырлау ауданы бойынша 2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы жойылсын.

4. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Бисембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Мұханбетжанова

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің

Шыңғырлау ауданы бойынша 2022 жылға арналған мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота пайызы	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны	2022 жылға арналған квота
1	Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Шыңғырлау орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	104	3	3	1
2	Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Л.Қылышев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	141	3	4	1
3	Шыңғырлау аудандық мәдениет бөлімінің "Шыңғырлау аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	144	3	4	1
	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Шыңғырлау аудандық				

4	ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	277	4	11	1
	Барлығы	666	3-4	22	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК